



«Қарлығай» бөбекжай -
бақшасының меңгерушісі:



Бекітемін

И. Беркінбаева

«Ана – өмір шуағы» ертеңгілігінің іс – шарасы

Қ/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Ертеңгіліктің іс – шарасын жасап, бекіту	03.03.2025 жс	Әдіскер А. Мақұлбекова
2	Балаларды ертеңгілікке дайындау	Күнделікті	Топ тәрбиешілері
3	Балаларға ана жайлы тақпақтар мен әндер жаттату	Күнделікті	Топ тәрбиешілері
3	Музыка залын мерекеге сай безендіру	05.03.2025 жс	Педагогтар
4	«Ана – өмір шуағы» ертеңгілігін өткізу	07.03.2025 жс	Топ тәрбиешілері

«Қарлығаш» бөбекжай– бақшасы

«Ана –өмір шуағы »

/ертеңгілік/
(Балапан тобы)

Тәрбиешілер: Ж.Тілеулиева
Ж.Қалманқызы

2024 – 2025 жыл

«Қарлығаш» бөбекшіл-бақшасы:

Бекітемін

И. Беркінбаева

«Ана – өмір шуағы»

Мақсаты: Ана жайлы тақпақтар өлеңдер, әндер, аңыздарды, әжелерді мерекемен құтықтау, балаларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу.

Ата ана деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.

Кейінкерлер: Кәмпит ханшайымы, көктем.

Жүргізуші:

Қымбатты да, қадірменді «Балапан» тобының аналары сіздерді шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз. Ана қуанышы, әйел қуанышы әр үйдің әр отбасының мерейі. Дендеріңізге саулық махаббат пен әсемдікті тілей отырып мына өлең шумақтарын сіздерге арнаймын.

«Бар жақсылық, күллі әлемге тараған
Арулардың ақ нұрынан жаралған»
Құтты болсын мерекеміз бүгінгі,
Ардақты аруларға арналған.

Өрқашан шаңырақтарыңызда береке болып, үйлеріңізден жылылық кетпесін.
Сөз кезегін бақашамыздың меңгерушісі Индира Беркінбаеваға береміз.

Жүргізуші:

Аналар ақ тілекті, сөз көп дейін,
Жылытар жүрегінді көз көп дейін
Аналар ақ жаулықты бұл сіздерге
Қол соғып қарсы алайық балаларды
Залға балалар (шапалақтың дыбысы қойылған әуенмен кіреді)

Хор. « АНА, деп ән салам»

Жүргізуші: Балалар туған күнде, мерекелерде аналарымыз дастарханға қандай тәтті тағамдар салады.

Балалар: Кәмпиттер

- Дұрыс айтасындар. Кәмпитті балалар да, үлкендерде де жақсы көрді.

Кәмпитсіз дастарханның сәні кірмейді (әсем әуенмен залға) «Кәмпит ханшайымы кіреді»

Кәмпит ханшайымы (кіріп билейді)

Мен тәттімін,
Балалардың сүйікті дәмімін,
Мерекенің сәнімен,
Дастарханның әрімін.

Сәлеметсіңдер ме, балалар, мені таныдыңдар ма?

Мен «Кәмпит ханшайымын» сендердің дауыстарыңды естіп, өнелеріңді көруге келдім.

Жүргізуші: Олай болса балалардың тақпағын тыңдап көрейік.

Алихан Аналарды сүйеміз.
Сөзін ойға түйеміз,
Әжеіні де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

Марфуға Менің әжем мейірбан,
Мені жақсы көреді.

Қажетіне жарасам,
Жас балаша күледі.

Данияр Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз.
Балаларды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Аяла Мен анамды сүйемін,
Сөзін ойға түйемін.
Анашымды ардақтап,
Басымды оған иемін.

Бауыржан Әжетай, әжетай,
Сізді жақсы көремін.
Көп, ертегі тақпақтар,
Сізге айтып беремін.

Айя Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім,
Қартаймашы анашым.

Әмірхан Аспандағы айымсың,
Бақытыма балаған.
Құтты болсын мерекең.
Айналайын жан анам.

Жүргізуші: Бүгінгі аналарымыздың мерекесімен құттықтап,
Индира апай аналарымызға арнап «Ана» туралы өлең оқып береді.

Жүргізуші: «Әжемнің шайы» би.

1. Балназым
2. Абдуррахман
3. Нұртөре
4. Ануар
5. Бекнұр
6. Дархан
7. Айшуақ
8. Марфуға
9. Айя
10. Ханшайым

Жүргізуші: «Кәмпит ханшайымы» Сізге арналған қыздарымыздың дайындаған,
«Тәтті, тәтті» биін көріп тамашалайық.

1. Айя
2. Ұлбибі
3. Іңкәр
4. Кәусар
5. Марфуға
6. Аяла

Кәмпит ханшайымы : Менің де басқа балаларды құттықтап баратын уақытым келді,
кош сау болыңдар!

Жүргізуші: Балалар, біздің мерекемізге біреу жетіспей тұрған сияқты.
Кім деп ойлайсыңдар?

(Музыка әуенімен ортаға Көктем кіріп келеді)

Көктем: Салеметсіңдер ме, балалар? Қалдарың қалай?

Мен көктеммін сендердің әдемі ән айтып, тақпақтарыңды естіп келдім.
Сендер қандай әдемісіңдер, маған өнерлеріңді көрсетіңдерші.

Жүргізуші: Рахмет Көктем, сізді көргенімізге өте қуаныштымыз сізді

«Бұлттар» биіне ұл– қыздарымызбен билеуге ортаға шақырамыз,

- 1.Бауыржан
- 2.Әмірхан
- 3.Данияр
- 4.Айлин
- 5.Айшуақ
- 6.Ұлбibi
- 7.Ханшайым
- 8.Саян

Жүргізуші: «Өзбек» биі

- 1.Алихан
- 2.Балсая
- 3.Ерсұлтан
- 4.Айжұлдыз

Жүргізуші: Инабат апай «Маған ұқсайды» әнін тарту етеді.

Жүргізуші: Ойын ұйымдастыру. Мақал –Мәтел

Жүргізуші: Аналар мен балалардың қатысуымен орындалатын.

«Мен анаммен билеймін» атты биді көріп тамашалаңыздар.

1. Жанар – Саян
2. Гүлнұр – Бауыржан
3. Инабат – Әмірхан

Жүргізуші:

Құрметті аналар, әжелер және балабақша ұжымы, сіздерді аналар мерекесімен
«Балапан» тобының бүлдіршіндері шын жүрекпен құттықтайды.

Ардақты ана–аяулы ана қымбаттым,

Тәтті ұйқыңды талай бөліп түн қаттың.

Өміріме нәрін бердің ақ сүттің,

Кең құшағың–аясындай гүл бактың

Аялаған анашым,

Мәпелеген анашым.

Менің саған тілегім,

Қартаймашы анашым.– деп бүгінгі мерекеге орай жасалған бүлдіршіндердің аналарына арналған сыйлығын тарту етеміз. Ұл балдарының дайындаған, қыздарға шөк гүлдері таратылады. Қабыл алыңыздар.(сыйлықтар таратылады)

Жүргізуші: «Ана – өмір шуағы!» атты ертеңгілігіміз аяқталды.

Ардақты аналар мейрамдарыңыз құтты болсын!

Сау саламатта болыңыздар!

«Ана – өмір шуағы» атты ертеңгіліктің анықтамасы


Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасының «Балапан» кіші тобында наурыз айының 7 – сі күні «Ана – өмір шуағы» атты ертеңгілік өтті.

Кәмпит ханшайымы мен Ару – Көктем бейнесіндегі кейіпкерлер балаларға қуаныш сыйлады. Балалар аналарына тақпақтары мен әндерін, билерін арнады. Ертеңгілікке ата – аналар да белсене қатысып, бірі ана жайлы өлең оқыды. Ұлдарымен би билеген аналарымыз да ертеңгіліктің тартымды өтуіне септігін тигізді. Сондай – ақ, ата – аналармен ойын да ойнатылды.

Ертеңгілік соңында топ ұлдары қыздарға гүл сыйласа, тәрбиеленушілердің барлығы аналарына тәрбиешінің көмегімен жасаған гүл шоқтарын тарту етті.

Ертеңгілікті тамашалауға келген барша қонақтар балабақша ұжымы мен тәрбиешілерге алғыс айтып, ризашылықтарын білдірді.

Қорытынды: ертеңгілік балалардың жас ерекшелігіне сай ата – аналарды қатыстыра отырып, жақсы деңгейде өтті.

Әдіскер:  А. Мақұлбекова